

437

060

ISSN 1727-0537

НАУЧНО-ПОПУЛЯРНЫЙ ЖУРНАЛ

ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ.С.ТОРАЙГЫРОВА



1 '2004

ӨЛКЕТАНУ КРАЕВЕДЕНИЕ



УДК 82.091:398 (574)

XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРТАНУ ҒЫЛЫМЫ МӘСЕЛелері

Н.Қ.ЖҮСІПОВ

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

В статье говорится о казахской фольклористике в первой половине XX века.

Мақалада XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымы мәселелері сөз болады.

The article is about the kazakh folklore in the first half of the XX century.

XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану тарихын сараптау үшін, халық шығармаларының жиналу, жариялану, әрі зерттелу тарихын жан-жақты қарастыруымыз қажет.

Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ фольклортану тарихындағы басты өзгешелік- фольклор үлгілерінің неғұрлым көп жиналуы. Осы орайда Қазан төңкерісіне дейінгі фольклортанушы ғалымдардың зерттеу еңбектеріндегі бақылаулары мен қорытындылары т.б. көбінесе белгілі бір жеке, нақтылы сауалдар берумен шектелуден аса алмағанын да есте ұстаған жөн.

XIX ғасырдағы қазақ фольклортану ғылымына сипаттама беретін болсақ, негізінен тарихи-этнографиялық сипатта болғаны анық, біраз ретте үстірт түсініктер, топшылаулар кездеседі; фольклор үлгілері көбінесе қолжазба түрінде жарыққа шықты (саяхатнама, жазбалар, сипаттамалар түрінде); кітап үлгісінде де басылым көргендері бар т.б. [1].

Сондықтан онда фольклордың түрлі проблемалары: жанр мәселесі, әдет-ғұрыппен байланысы, алатын орны, айтылу ерекшелігі қарастырылмағаны, фольклорды жіктеу т.с.с. мақсаттар қойылмағаны т.б. анық.

Сонымен қатар ол кезеңде халықтың дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін, көркемдік ойлау дәрежесін, тарихы мен өнерін білудің бірден-бір жолы- фольклорлық мәліметтерді сипаттау және жинау деп түсінік орын алғаны белгілі.

Ал, XX ғасырдың Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңіндегі қазақ дала-сында болған зерттеушілер мен ғалымдардың атқарған істерінің ма-

ңызды бір саласы - ол фольклор үлгілерін жинау, жариялау, сондай-ақ оны орыс тіліне аудару т.б. болғаны мәлім. Яғни фольклорды жиыстыру ісінде корреспонденттер көмегіне сүйену, жазып алу ісін хат танытын адамдарға тапсыру, ұйымдастыру т.б. тәрізді іс-шаралармен қатар, арнайы фольклорлық терминдердің қалыптасып үлгермегеніне қарамастан, фольклор үлгілерін жинауда оның барлық түрін қамтуға талпыныс байқалады. Сонымен бірге фольклорды жиыстырғанда ел арасынан сұрау салып іздеу, түпнұсқаға мейлінше жақын етіп аудару, нұсқаның мазмұнын қарасөз түрінде баяндау шаралары да іске асқаны мәлім.

Ол кезде фольклор мәселелері көбінесе әдебиетшілер, тарихшылар т.б. тарапынан қарастырылғаны белгілі. Орыс ғалымдары мен жазушылары Қазақ еліндегі ғылым мен мәдениеттің, қоғамдық ой-пікірлердің дамуына үлкен үлес қосқаны, әсіресе қазақ фольклоры туралы айтылған ой-пікірлері: түрлі библиографиялық көрсеткіштердің жариялануы т.б.- бәрі сол тұстағы тарихи оқиғалармен байланысты жүргені мәлім.

Демек патша өкіметі қазақ елін жүйелі түрде басқарып, шикізат байлығын игеру үшін, т.с.с. алдымен әкімшілік билеу тәртібін кіргізді, кейіннен екі ел арасында сауда қатынасын дамытты, орысша білім беретін мектептердің ашылуы т.с.с. жүзеге асты.

Сонымен бірге қазақ өлкесінің тарихын, этнографиясын, жағырафиясын т.б. зерттеуге Еуропалық ғалымдар үшін де жол ашылды.

Демек Қазан төңкерісіне дейінгі фольклорлық материалдардың жиналып, түрлі ой-пікірлердің дамуы т.б.- көбінесе зерттеушілердің, алдымен өлкенің жер жағдайын, табиғатын, халық тарихын, мәдениетін т.б. зерттеу мақсатынан туындаса керек. Қоғамдағы осындай саяси, шаруашылық т.б. өзгерістер өз кезегінде фольклортану ғылымы қалыптасуына жағдай жасағаны анық.

XX ғасыр басында қазақ жеріне орыстардың қоныс аударуы жергілікті халықтың наразылығын тудырса, ал қалалардың бой көтеруі, әрі өнеркәсіп, сауда орындарының дамуы, қатынас жолдарының (почта, телеграф т.б.), егіншіліктің өркендеуі, қоғамдық- саяси сананың, әдебиет пен өнердің, ғылымның қалыптасуы т.б.- бәрі баспасөз ісінің т.б. дамуына әкелгені сөзсіз.

Қазақ фольклоры мен этнографиясын зерттеу ісі бірнеше бағытта, әр түрлі әдіспен жүзеге т.б. асты. Қазақ жеріне арнайы тапсырмалармен келген әскери адамдардың, саясатшылардың т.б. қазақ жерінің топографиясын жасаумен қатар, жер-су, тау-тас, елді-мекенге т.б. қатысты түрлі әңгіме-аңыздарды да т.б. хатқа түсірумен айналысу ісі де жүрді.

Орыс зерттеушілері фольклорды қазақ тілін, қазақша-орысша

сөздіктер жасау, орыс әрпімен оқулықтар дайындау үшін де т.б. тілдік мәтін көзі ретінде пайдаланғаны т.б. анық.

Осы орайда Қазан төңкерісіне дейінгі фольклортанушы ғалымдар көмегімен жиналған мәтіндердің үйлесім тауып, арнайы жіктелмегендігін де атап өткіміз келеді.

Ал, Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде фольклор нұсқаларын жинаудың, өсіресе оны жариялау мен зерттеу жұмыстарының кезең талаптары ерекшелігіне сай, әрі неғұрлым қарымды, әрі біршама тез жүргізілгені мәлім. Яғни халықтық мұраларды заманына сай теориялық тұрғыдан зерттеудің негізі қалана бастады [2].

Баспасөз беттерінде фольклорға қатысты мақалалардың көп басылуы- сол дәуірдің қоғамдық ойдың дамуымен тығыз байланысты екені белгілі. Сондай-ақ халықтық мұралардың тезделіп жиналуына, әрі жариялануына, әрі де зерттелуіне қоғамдық ой белсенділігінің себепшісі болғандығын да ескеру керек.

Ал, Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңдегі фольклортану ғылымында орын алған басты кемшіліктерге келетін болсақ: бірі- бұл Қазан төңкерісіне дейінгі жарық көрген фольклор үлгілерінің қайта басылым көрмеуі дер едік. Тіпті ол нұсқалар ара-тұра шыға қалған жағдайда кезең ерекшелігіне сай түрлі өзгерістерге, редакциялануларға, түзетулер мен қысқартуларға т.б. ұшырауы т.с.с.

фольклортану ғылымы дамуына көп кедергі келтіріп отырды.

Қазақ фольклорын жинау, жариялау, зерттеу жұмыстары заманның әр кезінде жекелеген көзге түскен фольклортанушы ғалымдар еңбегімен тығыз байланыста жүргені анық.

Фольклорды жинаудың, жариялаудың, зерттеудің алғашқы тәжірибелері сонау XVIII , XIX ғасырлардан бастау алғаны мәлім. Яғни бұл процесс фольклортанушы ғалымдар: Ш.Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, Ә.Диваев М.Ж.Көпеев т.б. еңбектерімен тығыз байланысты өрістеді.

Бұлардың еңбектерінде фольклор үлгілерін әрі жинаудың, әрі жариялаудың, әрі зерттеудің небір үздік өзіндік әдіс-тәсілдері т.б. қолданыс тапқан. Ал бұл нәтижелер өз дәуірінің ғылымы мен әдебиеті т.б. жеткен жетістіктері, тәжірибесі т.с.с. тұрғысынан қолданыс тауып, келесі ұрпақтың бұл дәстүрді әрі қарай дамытып отыруына жол ашты. Соның әсерінен де бұл дәстүр жалғастығы XX ғасырдың бірінші жартысында да тоқтап қалмай, өз жалғасын тапты. Осылайша фольклордың әрі жазба әдебиетпен, әрі басқа да түрлі мәдениет салаларымен байланысы күшейе түсті. Соның да салдарынан әдебиет зерттеушілер фольклорға жіті назар аударып, оны көбінесе өдебиеттану тұрғысынан саралай бастады.

Бұл кездегі жиналған фольклор үлгілері өзінің мәнерлілігімен, көркемдік күш-қуаты неғұрлым толық сақталуымен т.с.с. ерекшелінеді. Сондай-ақ фольклорды жинау, жариялау мен зерттеу жұмыстары этнографиялық бақылауларымен т.с.с. тығыз қарым-қатынаста қарастырылып отырды.

Кенес үкіметі тұсындағы фольклорды жинаудағы басты мақсат-үлгінің әлеуметтік жағына баса назар аударуға бағындырылды. Демек қоғамдағы өзгерістер өз кезегінде фольклор үлгілерінің жиналуына да, жариялануына да, зерттелуіне де өз әсерін тигізіп отырды. Сөйтіп фольклортану ғалымдары тарапынан алғаш рет шаруа, жұмысшы тұрмысын қарастырды деген фольклор үлгілеріне баса көңіл бөлу орын ала бастады. Сонымен қатар халық шығармаларының түрлі жанрларына бірыңғай әлеуметтік тұрғыдан мінеземелер берілу көбейіп, шығарманың әлеуметтік сипатына ғана қарай іріктеу алға шықты.

Сөйте тұра, Қазан төңкерісінен кейін фольклорды жинау, жариялау, зерттеу тарихында өзіндік жаңа бір белес басталғаны анық. Біздіңше, бұл кезең үшін ең мәнді ерекшелік: халықтық мәдениеттің жеделдетіліп өркендеуі, көпшілік шығармашылығының жан-жақты дамуы т.б.

Көптеген мұражай құжаттары мен басылым беттерінен т.б. біз Кенес үкіметі тұсында фольклортану-

шы ғалымдардың жаңа тарихи жағдайда фольклордың жекелеген жанрларын сараптауы өскені байқалады.

Сол кездегі ізденушілік жұмыстардың көбі жаңа қоғамдық қатынастар, халық арасындағы қалыптасқан өзгерген салт-сана, дәстүр т.б. негізінде іске асырыла бастағаны белгілі. Сондай-ақ бұл алмағайып уақыттағы фольклортанушылық жұмыстардың өзіндік ерекшелігі- бұл іске тек таңдаулы мамандар емес, маман емес ғалымдар, студенттер т.б. еңбек ұжымдарының жаппай тартыла бастағаны дер едік.

XX ғасырдың 20-30-шы жылдарында фольклор мәтіндерін жинау көбінесе екі бағытта жүргізілді: бірі- бұл дәстүрлі фольклорды жинау- мен қатар, Кенес үкіметі саясатына сай делінген, «нағыз халықтық» делінген үлгілерді көп ретте қолдан жасап, жиыстыру, оларды көбейтіп дабырлау болып табылады (азамат соғысы т.б. жайындағы әңгімелер). Екіншісі- халық арасында, белгілі фольклорды жеткізушілердің жекелеген жанрды орындаудағы шеберлігі мен репертуарына т.б. көңіл бөлу өсті.

XX ғасырдың 20-шы жылдары фольклортану ғылымы тарихында фольклорды жинаушылық қызметтің жоспарлы түрде жүргізіле бастағанымен де, оған өзіндік ғылыми-зерттеушілік міндеттер қойылуымен де т.б. ерекшелінеді. Елдегі әрі саяси, әрі экономикалық, әрі әлеуметтік сипат-

та болған түбірлі өзгерістер өз кезегінде халықтың салт-санасына, тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрпына т.б. үлкен ықпал жасағаны мәлім. Сол себепті де елде жоспарлы түрде ғылыми ізденістер қолға алынып, олар жергілікті жердегі халықтың өміріне, тарихына, тұрмысына, әдет-ғұрпына, халықтың шығармашылығына т.б. қатысты деректер жинауға деген белсенділікті тудырды.

Сонымен бірге Қазан төңкерісінен кейінгі дәуірдегі фольклортану ғылымы дамуы үшін фольклорды жинауға арналған көптеген түрлі экспедициялардың ұйымдастырылуының да т.б. үлкен мәні болды.

Сондай-ақ бұл кезде фольклордың түрлі мәселелеріне ерекше назар аударыла бастағаны да, әсіресе әр жанрдың тарихына көбірек үңілу етек алғаны да мәлім.

Ал, баспасөз бетінде жарық көрген фольклорға қатысты мақалалар ең алдымен алуан түрлі ерекшелігімен көзге түседі. Олардың бірінде –этнографиялық сипат басым болса; екіншілерінде- таза фольклор нұсқасын ғылыми түсініктемемен бірге жариялау іске асты; ал енді бірінде бұл үлгілерді тек үгіт-насихат, ақпарат көзі ретінде қарастыру басым болды.

Бұл материалдардың жиналып, баспа бетінде жариялануы, оған кең назар аударылуы т.б.- бәрі фольклортану ғылымы тарихында баспасөз

басылымдарының маңызды қызмет т.б. атқарғанын дiттейдi.

XX ғасырдың бірінші жартысындағы қоғамда болып жатқан түрлі идеялардың күресі, өз кезегінде фольклорды жинау, жариялау, зерттеу қызметтерінің мақсатты бағыт-бағдарын айқындап берді. Мәселен, «қанаушылар» - деп аталатындарға қарсы күрес, «бітіспес» делінген тап тартысы ұғымы әсері, артықша сипатта делінген социалистік құрылысты мадақтау, пролетариаттық әдебиет, әдебиеттің партиялылығын дәріптеу, қара шаруа мен жұмысшы қозғалысын насихаттау т.б. –бәрі кезең ерекшелігін танытумен бірге фольклор үлгілері жиналуы мен бағалануына пәрменді ықпал етіп отырды.

Қорыта айтқанда, Қазан төңкерісінен кейінгі қазақ фольклортану ғылымына төн ерекшеліктер: біріншіден, фольклорды жинау жұмыстарының ерекше тездетіліп жүргізілуі; екіншіден, жинаушылық қызметке жаңа әміршілдік, солақай әсері тиюі; үшіншіден, фольклордың әлеуметтік жағына кең көңіл бөліне бастауы; төртіншіден, халықтық мүддені жоғары бағалау; бесіншіден, жинаушылық қызметтің кең қанат жаюы мен баспаға әзірлеу, іріктеу, жариялау т.б. жұмыстарының ғылыми негізде жүргізілуі т.б.- бәрі, сөзсіз, қазақ фольклортану ғылымы дамуының жаңа бір кезеңін қалыптастырды.

Ал, Кеңес үкіметі тұсындағы қазақ фольклортану ғылымына келетін болсақ: жана кезеңнің келуімен халықтық мәдениеттің көтерілуі; халықтық шығармашылықтың дамуы; түрлі жанрларға қатысты зерттеу еңбектерінің көбеюі; фольклортану ғылымы дамуына үлес қосқан белгілі фольклортанушы ғалымдар еңбектеріне сараптама жасала бастауы; зерттеу жұмыстарының жана туған қоғамдық қарым-қатынастарға негізделіп жасалуы; бұл жұмысқа ғалымдар, студенттер ұйымдарының кең тартылуымен де фольклорды жинау, жариялау, зерттеу жұмыстарының жоспарлы түрде жүргізіле бастауы; оның жоспарлы ғылыми ізденістерге айналдырылуы, экспедициялық жұмыстардың көбеюі және канат жаюы- бәрі бұл өзгерістер, ізденістер ауқымының кеңдігін дәлелдей алады.

Қазан төңкерісінен кейінгі дәуірде біраз фольклортанушы ғалымдар фольклорды жинап, жариялап, зерттегенде, К.Маркс, Ф.Энгельс, В.И.Ленин т.б. еңбектеріне көбірек сілтеме жасай отырып, көбінесе фольклордың көркемдік құндылығына бара алмай, оның есеіне ол үлгілердің саяси-тәрбиелік, тарихи-танымдық және әлеуметтік – саяси т.б. мәніне баса назар аудару жүзеге асқаны мәлім [3]. Мәселен, ғалым В.Н.Добровольскийдің құрастырған «Смоленский этнографичес-

кий сборник» атты жинағын әлеуметтік-саяси қырынан қарастырған В.И.Ленин, ондағы фольклор нұсқаларында халықтың мұң-мұқтажы, үміт етуі, арманы т.б. айқын сезілетінін, сондай-ақ бұлар өз кезегінде әдебиет зерттеушілер үшін қазіргі таңдағы халықтың мінез-құлқын т.б. зерттеу үшін маңызды қазына көзі екеніне назар аударған. Демек, жоғарыдағы В.И.Лениннің осы пікірлері Қазан төңкерісінен кейінгі Кеңес үкіметі тұсында әрі орыс, әрі қазақ фольклортанушы ғалымдардың фольклорды жинауда, жариялауда, зерттеудегі бағыт-бағдарын айқындап берген сол кезеңдегі басты бағдарламалардың біріне айналды.

Сондай-ақ бұл кездегі фольклортанушылар ұстанған фольклорды жинаудағы, жариялаудағы, зерттеудегі т.б. негізгі бағыт: фольклорлық мәтіндердің идеялық-көркемдік негізін тек оның өзекті-саяси маңыздылығына бағындыру; сол арқылы ғана халық ауыз әдеби мұрасын «социалистік» мәдениеттің алтын қорына енгізу жүзеге асады; ал ол өз кезегінде КСРО халықтарының достастығын нығайтуға қызмет етеді деп т.б. сендіру т.с.с. өріс алды.

Бұл кездегі үстем бағыт ХХ ғасырдағы пролетариаттық мәдениет мазмұны жағынан социалистік болғанымен, әр халықтардың мәдениетінде көріну формалары мен әдістәсілдерінің түрліше болуы- ол со-

циалистік құрылысқа кірігу дәрежесімен, тұрмыс-тіршілігімен т.б. тығыз байланысты өрбіп, жаңа социалистік мәдениетке ұласады деген түсінік қанат жайды.

Сонымен қатар мазмұны жағынан социалистік, ал формасы ұлттық болып келетін бұл пролетариаттық мәдениет – бәрі де жалпы-адамзаттық мәдениет тұрғысынан социализмге жол бастайды деген ұғым да; сондай-ақ пролетариаттық мәдениет ұлттық мәдениетті жоймайды, керісінше мазмұн жағынан байытады деген түсінік үстемдік еткені белгілі [4].

Сөз жоқ, кезінде Кеңес үкіметі басшылары (И.В.Ленин, И.В.Сталин т.б.) тарапынан айтылған кез-келген сыңаржақ пікірлері өз заманындағы ғылым мен мәдениеттің т.б. дамуына біршама теріс ықпал еткені т.б.-бәрі қазіргі таңда заман, уақыт ерекшелігімен түсіндіріледі.

Демек, сол кезеңдегі фольклорлық мәтіндердің пролетариаттық мәдениет тұрғысынан қолдан, жасанды түрде өзгертілуі, редакциялануы, көп материалдардың орынсыз алынып тасталуы т.б.- бәрі сол ХХ ғасырдың Қазан төңкерісінен кейінгі тұста қазақ фольклортану ғылымы тарихында орын алған біраз кемшіліктердің тууын негіздегені анық.

Әйтсе де, соншалық қысқарту, өңдеулерге қарамастан ғасырлар бойы жасалған қазақ фольклоры да

басқа да халықтар фольклоры тәрізді әр елдің тарихи өткені мен бүгінгісін тануда аса мәнді дерек көздерінің бірі болып қала бергені сөзсіз.

Белгілі ғалым Поль Лафаргтың пікірінше [5] халық поэзиясы халықтың тікелей тұрмыс-тіршілігінен туады. Ал халық оны өзі сезінген, өзі ұмтылған т.б. тікелей, әрі тура құмарлық әсерінен дәл, әрі табиғи т.б. түрде жүзеге асыруға деген ұмтылысын саралай отырып, түптің түбінде фольклордың осындай дәлдік, шыншылдық т.б. ерекшеліктері басқа да әдеби шығармаларға қарағанда, тарихи құндылығы жағынан жоғары болмақ делінген пікірде де дән бар.

Қазақ фольклоры үлгілерінің белгілі дәрежеде қазақ жазба әдебиетінде қолданыс тапқаны белгілі. Демек ол үшін қазақ фольклоры әрі жиналуы, әрі зерттелуі т.б. керек десек, мұның өзінің де қалыптасқан тарихы да бар деген сөз.

ХХ ғасырдағы Қазан төңкерісінен кейін орнаған Кеңес үкіметі тұсында КСРО халықтары тәрізді қазақ елінде де т.б: халық шығармашылығы дамыды; көркемдігі жоғары халық әндері, ертегілер, аңыздар т.б. тәрізді түрлі фольклорлық мәтіндер туып отырады. Бұл орайда, әсіресе, Қазан төңкерісіне; азамат соғысына; сол заманның көсемдері Ленин мен Сталин бейнесіне;

жаңа «бақытты» делінген социалистік құрылысқа; Ұлы Отан соғысы кезіндегі совет азаматтарының қаһармандық ерлігіне т.б. арналған тақырыптарға кең өріс ашылды.

Сондай-ақ КСРО халықтарының достастығы, Ленин мен Сталин тудырған «әділ» ұлт саясаты тәрізді идеология құралдары т.б.- бәрі тек фольклорлық тақырып қана болмай, сонымен бірге сол кездегі фольклортану ғылымының фольклорды жинау, жариялау, зерттеу т.б. жұмыстарының кезек талабына сай деген құндылығын межелеуге шешуші роль атқарып, болашақ атқарылмақ істердің бағыт-бағдарын айқындап, негіздегені анық.

Демек ХХ ғасырдың Қазан төңкерісінен кейінгі фольклортану ғылымында орын алған кемшіліктердің бір қайнар көзі- ол қолдан жасалған түрлі жасанды идеологиялардың кері әсері деп табуға негіз толық.

Сонымен қатар Кеңес үкіметі тұсындағы біраз ғылыми еңбектерде, Қазан төңкерісіне дейінгі мен кейінгі кезек салыстырылғанда, оның сапасына қарағанына, санына көбірек назар аударылып отырды.

Сөйтін онда Қазан төңкерісінен кейін: фольклор үлгілері жинала бастағаны; мектеп, оқу орындары бағдарламаларына т.б. арнайы пән, факультативтік сабақ т.б. ретінде енгізілгені; әдебиеттану ғылымының бір саласы ретінде зерттеле бастағаны; түрлі фольклорлық ұйымдар,

қоғамдар, экспедициялар т.б. ғылыми-зерттеу орталығы негізінде фольклорды жинау жұмыстарының ұйымдастырылғаны т.б. сөз болады.

Белгілі дәрежеде ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымында фольклордың жиналу, өңделу, жариялану, зерттелу т.б. тарихы баспа бетінде біршама қарастырылғаны, фольклордың жеке-жеке жанларына қарасты оқулықтардың, монографиялардың т.б. басылым көргені белгілі. Тек бұл еңбектердің көпшілігі Кеңес үкіметі идеологиясы тұрғысынан ғана жазылуы т.б.- бәрі ғылымдағы біржақтылыққа, сол тұстағы идеология қалыбына сай келмеген жағдайда басқа да пікірлер, еңбектердің т.б. ескерілмеуіне, еленбеуіне әкелді.

Демек сол тұста қазақ фольклортану ғылымы алдында туған түрлі күрделі мәселелердің Кеңес үкіметі көзқарасы тұрғысынан ғана біржақты шешімін тапқанын т.б. ескеріп, оның бәрін қазіргі заман талабымен қайта қарау қажеттігі туады.

ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымының жекелеген мәселелері: А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, М.Әуезов, Ә.Бөкейханов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов т.б. ғалымдар тарапынан сөз болғаны мәлім [6]. Сондай-ақ бұл кездегі фольклортану ғылымы белгілі орыс ғалымдары Е.А.Алекторов, В.Бартольд, Н.Я.Бичурин, П.М. Ме-

лиоранский, А.В.Васильев, А.Н.Веселовский, Н.И.Гродеков т.б. тарапынан да зерттелгені анық [7].

Ғалым Е.А. Алекторовтың белгілі библиографиялық көрсеткіші де ХХ ғасырдың басында жарияланғаны т.б. – бәрі сол дәуірдегі қазақ фольклортану ғылымы дамуына игі ықпал еткені де белгілі [8].

Қазан төңкерісіне дейін қазақ даласындағы елдің тарихын, шаруашылығын, тұрмыс-тіршілігін, жер жағдайын т.б. нақты білу үшін, Ресей тарапынан арнайы экспедициялар ұйымдастырылғаны белгілі. Мұндағы ауыз әдебиетіне қатысты зерттеулердің біразы қысқалығымен де ерекшелінеді. Сондай-ақ жергілікті жерді жүйелі басқару үшін патша үкіметі тарапынан екі тілдегі (орыс, қазақ) мектептердің, газет баспаларының т.б. ашылуы да халық сауаттылығы артуын, басылған фольклор үлгілерін оқуға қызығушылығын тудырып отырды.

Сонымен қатар қазақ жерінде Орыс географиялық қоғамының бөлімшелері де ашылғаны мәлім [9]. Қазақ фольклортану ғылымына қатысты бұл еңбектерде арнайы талдау жасап, қазақ халық ауыз әдебиетінің әлемдік фольклортану ғылымында алатын орнын анықтауды мақсат етпей, көбінесе оның мазмұнын қысқаша баяндаумен шектелу де орын алғаны белгілі. Мұның бәрі фольклорды тұтастай зерттеуге қажет даярлық кезеңі болған дәуір ерекшелігін айқындайды.

Ал, таза ғылыми мақсат көздеп, зерттеу жұмыстарын академиялық түрде т.б. жүргізуді ниет еткен ғалымдар т.б. фольклорды барынша дұрыс жазып алуға, оны сұрыптап жүйеге келтіруге, жарыққа шығаруға ғылыми түрде талдап, зерттеуге күш салғаны мәлім.

Халық шығармалары әрі академиялық сипатта, әрі қоғамдық, саяси-әлеуметтік мәсеелемен байланыста т.б. қарастырылған кезде оның түрлі таластарды да тудырғаны анық.

Біріне-бірі қайшылықты заманда болған түрлі ағымдар мен салт-сана өкілдері кейбір зерттеушілерге тіпті фольклорды мұсылман дінін уағыздау, реакциялық бағытты насихаттау құралы т.с.с. деп оған жала жапқаны да тарихтан белгілі [10]. Дегенмен басқа да мұсылман елдері тәрізді қазақ елінің де мыңдаған жылдық тарихы бар. Содан да болар халықтың рухани өмірі, әдебиеті, тілі, фольклоры т.б.- бәрі де ислам әлеміне тән дүниеге көзқарас жиынтығының терең философиясы мен адамгершілігінен сусындағаны анық. Мұның бәрі қазақ халқы өнерінің әлемдік бағалылыққа үндес екенін айқындай түседі.

Қазақ фольклоры ішінде адамның өмірге, өлімге, тағдырға, Аллаға, әке-шеше алдындағы парызына, жақын туыстарға деген сеніміне т.б. байланысты мәтіндер кездеседі. Кезінде мұндай қызықты да, бай мұра-

ны т.б. қарастыру философиялық тұрғыда, атеизм тарпынан да т.б. рұқсат етілмегені мәлім.

Расында идеялық-тақырыптық тұрғыдан қарағанда, қазақ фольклоры бойында ислам көзқарасының іздері бар екені сөзсіз.

Сондай тәсілдердің бірі- фольклорлық мәтіндер арқылы халыққа ислам дінін т.б. насихаттау. Сол арқылы қазақ халқына ғасырлар бойы Аллаға мойын ұсыну, Алланы дәріптеу т.б. таралып келді. Демек фольклор тарихын неғұрлым тереңірек зерттей бастағанда, т.б. оған ықпал еткен рухани-діни қайнар көздер т.б. соғұрлым айқын көрініс бере түсетіні анық.

Қазақ халқы көптеген ғасырлар бойы ислам рухымен сусындап келгені белгілі. Ал, бұл дәстүрдің ХХ ғасырдың 20-шы жылдары біршама тоқырауға ұшырағаны т.б.- кезек ерекшелігімен түсіндіріліп келгені де мәлім. Дегенмен дін, Аллаға деген сенім т.б.- адамның абстракты ой-санасының маңызды баспалдағы десек, оны ұмыту, жою, құрту т.б. мүмкін еместігі қазіргі таңда дәлелденіп отыр. Әйтсе де ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы дінге деген теріс көзқарас, дінді қудалау, дін өкілдерінің қудалануы т.б. – бәрі өз кезегінде фольклордың дінмен байланысты жанрларының да т.б. (діни аңыздар, дастандар, пайғамбарлар бейнелері т.б.) қазақ фольклортану

ғылымында зерттелмей сырт қалып, оның енді ғана кешендеп қолға алына бастағаны да мәлім. Расында, сол кездегі фольклортану ғылымы дінге жасанды үреймен, қорқынышпен немқұрайды қарағаны да т.б. анық.

Демек ислам рухының әлемді тану жолында болсын, қоршаған ортаға деген философиялық қарым-қатынасын, тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-санасын т.б. қалыптастыруда болсын, қазақ халқына жан-жақты әсер еткені т.б.- соның нәтижесінің фольклорда қаншалық көрініс тапқаны да арнайы зерттеуді қажет етеді.

Сонымен бірге қазақ жерінде түрлі жолдармен жүргізілген жергілікті халықты дінінен, тілінен, салтынан бездіруге, шоқындыруға бағытталған іс-әрекеттердің т.б. – қазақтың көзі қаракты, саналы, зиялы азаматтарының орынды ашу-ыза-сын тудыруы да т.б. заңды. Өйткені бұл шоқындыруға бағытталған іс-әрекеттердің барлығы сайып келгенде ислам дінін әлсіретуге, сол арқылы бүкіл бір ұлтты соншалық бай тілінен, әдебиетінен ажыратуға бағытталғаны мәлім.

Әйтсе де қанша қысымды ба-сынан кешірсе де, ХХ ғасырдың ба-сында қазақтың ұлттық фольклорис-тика ғылымы жалпы филологиялық ғылымның өзінше саласы ретінде көріне бастауы; фольклор үлгілерінің ғылыми мақсатта жинала бастауы;

академиялық, не арнаулы фольклорлық жинақтардың т.б. ғылыми тұрғыдан алғаш зерттеле бастауы; фольклорды белгілі фольклорист ғалымдармен қатар әуесқойлардың, яғни тек саяхатшылар емес, дәрігер, қызметкер, мұғалімдердің де жинай бастауы; мәтіндердің орталық газет-журналдармен қатар Ресей ғылым академиясы тарапынан ұйымдастырылған түрлі жазбалар бетінде басылым көруі; сондай-ақ фольклор нұсқалары көлемі әр түрлі кітаптар, хрестоматиялар, оқулықтар, жинақтар т.б. ішінде жарық көруі т.б.- бәрі сол дәуірдегі қазақ фольклортану ғылымының даму ерекшелігі болып табылады.

Әйтсе де ХХ ғасыр басындағы Қазан төңкерісіне дейінгі және одан кейінгі орын алған түрлі тосқауылдарға қарамастан, ғылымды шын сүйетін ғалымдардың бұл істі, негізінен алғанда, дұрыс бастап, өрістетіп келгені де мәлім. Прогрессивті көзқарастағы Ресей ғалымдары қазақ фольклорына қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізсе, ал енді біразы Ресейді мекендеген елдердің фольклорын, этнографиясын т.б. отаршылдық ниетте, жергілікті халықтың бұратана, тағы екенін дәлелдеу мақсатын көздеп, зерттеу жұмыстарын жүргізгені белгілі.

Қазан төңкерісіне дейін белгілі зерттеуші В.В.Радловтың еңбектері жарияланғаны, онда: әрі көлемді, әрі ғылыми мәндегі өте маңызды тұжы-

рымдармен қатар; фольклордың баярынша көп жанрларының қамтылуы да, тілдік ерекшеліктердің мейлінше толық сақталуы да; жанрларға бөлудің алғашқы тәжірибесі де т.б. қамтылғаны белгілі.

Баспа бетінде, әсіресе «Дала уалаяты» газетінде белгілі ғалым Г.Н.Потаниннің елге жолдаған хатының басылуы да т.б. – сол кездегі көпшілікті фольклор мұраларын тездетіп жинауға, фольклорды комплексті түрде зерттеуге ынталандырған т.б. сұрақ-жауап түрінде жарияланған мақсатты бағдарлама ретінде өріс ашқаны да анық [11].

Баспа бетінде жарияланған фольклорлық мәтіндердің: көлемі, сипаты түрліше болып келді. Оның бірінде не жай мәтін беру, не мәтінмен бірге түсіндірме беру, ал енді бірінде өз ойын да ортаға салумен т.б. шектелу болғаны мәлім.

Сондай-ақ жарияланған мақалалардың сапасы, ғылыми деңгейі бірдей емес. Себебі әркімнің көздеген мақсаты, ғылыми дайындығы, тәжірибесі т.т. әр түрлі. Дегенмен онда фольклортану ғылымының әр түрлі мәселелері сөз болуының өзі мақаланың маңыздылығын арттыра түскені белгілі.

Қорыта айтқанда, ХХ ғасырдың басында: қазақ фольклортануы ғылымның жеке саласы ретінде қалыптаса бастады; бұл процесс сол кездегі қоғамның саяси-әлеуметтік,

тарихи-мәдени, экономикалық жағдайының ауқымында өтіп, ғылым мен әдебиеттің дамуына өз әсерін тигізді; бастапқыда фольклор тек дерек көзі ретінде жиналса, сонынан кең түрде, академиялық т.б. сипатта жинала бастады; мәтінді қалай жинау керектігі хақында ғылыми бағдарламалар басыла бастады т.б.

Қазақ жерінде баспа ісінің дамуы т.б. – бөрінің қазақ фольклорын тездетіп жиналуына әсер еткені мәлім.

Қазақ баспасөзінің көш бастаушысы ретінде «Түркістан уалаяты газеті» аталатыны белгілі [12]. Газет бетінде көтерілген негізгі мәселелер: мәдениетке, әдебиетке, тілге, тарихқа т.б. қатыстылар. Сондай-ақ елдің саяси-әлеуметтік көзқарасын қалыптастыруда маңызы зор түрлі мәтін көздері де жарияланып келді.

Басында «Туркестанские ведомости» газетіне қосымша ретінде 1870 жылдан бастап Ташкент қаласында шыға бастаған бұл газет: алғашында айына төрт рет, оның екі нөмірі өзбекше, екі нөмірі қазақша шыққаны; Орта Азия халықтарының тұңғыш газеті болғаны; кейіннен «Туркестанские ведомости» газетінен бөлініп, қазақша-өзбекше шығатын «Түркістан уалаяты газетіне» айналғаны т.б. белгілі. Газетте, негізінен, қазақ елінің әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, тарихы т.б. туралы деректер көп басылғаны да мәлім.

Газет редакторы болып, белгілі фольклортанушы ғалым Ш. Уәлихановтың танысы Ш.М.Ибрагимовтың болуы, газеттің болашақ бағыт – бағдарын айқындап бергені рас. Ш.Ш.Ибрагимовтың алдымен Омбы кадет корпусында оқуы; Көкшетау дуанының хатшысы болуы; 1865 жылы Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азия Ресейге қосылғаннан кейін Ташкенттегі генерал-губернатордың тілмашы болуы; өзбекше-қазақша шығатын «Түркістан уалаяты газетінің» редакторы болып істеуі т.б.- бәрі газет ісін дұрыс бағытта ұйымдастыруына септігін тигізгені анық [13].

Ресей Ішкі істер министрлігі рұқсатымен ашылған бұл газетте, бастапқыда, негізінен, патша үкіметінің бұйрықтары, қаулылары, жарлықтары т.б. басылуға ұйғарылса, кейіннен экономикалық мәселелер төңірегінде де мәліметтер жарияланғаны мәлім.

Өзбекше-қазақша басылым көрген бұл газет бетінде қазақ фольклорына қатысты 20 шақты мақалалар шоғыры берілген. Оның ішінде: жұмбақ жанрына қатысты-3 [14]; ертегі-7 [15]; мақал-мәтелдер-3 [16]; аңыз-әңгімелер- 5[17]; айтыс пен ақындар шығармашылығына қатысты [18] 3 мәтін үлгілері қамтылған.

«Қазақтың жұмбағы» атты материалда [19] өлеңмен берілген жұмбақтарға қайтарылған жауабы бірге берілсе, келесі бір мақалада

[20] қазақтың 12 жұмбағы мен 26 мақалы жарияланған. Сондай-ақ мұнда Ташкент қаласында газет ала-тұғын бір кісінің қазақша жазып берген жұмбақтары мен мақалдарына арналған сілтемесі бірге берілген. Демек бұл сілтемені мәтінге қатысты паспорттық деректерге жатқызсақ та, мұнда нақты жұмбақ пен мақалды жинаған кісінің аты-жөні, жинау тәсілі қандай, үлгіні қайдан, қалай жинады т.б. деген тәрізді дерек көздері келтірілген.

«Түркістан уалаяты газеті» бетінде жарияланған ертегілер топтамасына келсек, біріншіден, көзге түсетіні: көрші елдердің мәдениетін таныстыру мақсатында берілген ертегілер. Мәселен, «Араб жұртының бір мың бір түн деп аталатын ертегісі» деп [21], енді бірде орыстың «Кашмаровтың ертегісі» деп [22] аудармасы берілсе де, «ертегі» жанрына жататыны анықталған. Ал, басқа ертегілер берілгенде, мәселен, «Қызылбас жұртының патшасы өзінің бір уәзірін мылтыққа атқызып өлтіргені тақырыпты» [23], «Бұрынғы уақыттағы Қызылбас жұртының барымташыларының өткірлігі тақырыпты» [24] деген атпен жарияланған. Мұнда тақырыптың өзінде «ертегі» деген сөз қолданбайды да, көбінесе барлық ертегілер «тақырыпты» деген сөзбен аяқталып отырылады. Демек, біріншіден, бұларды сұрыптаудан өткізген газет

ұжымының ертегі екенін ажыратып көрсетпеуінен арнайы фольклортанушылық білімі болмағандығын дәлелдесе, екіншіден, шамасы мәтіннің тақырыпсыз болуына байланысты бұл тақырыптарды газет ұжымы тарапынан өздері қойғанға ұқсайды, себебі мәтін тақырыптарының жазылу стилі өзара ұқсас, үндес болып т.б. келеді. Сондай-ақ ертегі атаулының барлығы да паспорттық деректерсіз берілген. Ал, газетте басылған мақалдарға келетін болсақ, біраз паспорттық деректер бірге берілген. Мәселен, «Ташкент қаласында қызмет қылып тұрушы Қожа Салық Бабажанов біздің газетке басып шығаруға Кіші жүздің Бөкей ордасында жүріп жиған қазақтың мақал сөздерін берді» деуінен [25] біз: біріншіден, қазақтың мақал-мәтелдерін жинап, газетке ұсынушы Қожа Салық Бабажанов екенін білсек; екіншіден, бұл мәтіндер Кіші жүздің Бөкей ордасынан жиналғандығы анықталады, яғни қай жерлерден жиналғандығы туралы дерек көздері бар; үшіншіден, олардың мақал-мәтел жанрына жататыны ажыратылып берілген. Тек кімдердің аузынан т.б. жиналғандығы туралы деректер келтірілмеген.

Газет бетінде орын алған аңыз-әңгімелер, көбінесе танытқыштық – информациялық мақсатта іріктелген тәрізді. Онда: қазақ арасында бақсылар туралы әңгімелер [26]; қазақ

тың шыққан тегі турасында т.б. [27]; жер шары мен ай туралы [28]; қыс пен жаз, күннің ұзаруы мен қысқаруы төңірегінде [29]; ақпараттық деректер, түсініктер т.б. енген. Демек, сол кездегі газет беттерінде фольклорды – танымның, ақпараттың, тәрбиенің, эстетиканың көзі т.б. ретінде қолданған. Сонымен қатар, фольклорды елдің әдебиетін, тілін, тарихын т.б. насихаттайтын үгіт-насихат ретінде пайдаланғанға ұқсайды. Ал, басқа да халықтардың фольклорын жариялаудағы мақсаты: біріншіден, сол елдің мәдениетімен, әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілігімен т.б. таныстыру болса; екіншіден, сол арқылы көршілес жатқан елдердің ой-арманы, өмірге көзқарасы т.б. бір екендігін таныту. Демек, халықтар достығын дамытуда, қалыптастыруда т.б. газеттің атқарған қызметі маңызды болды.

Фольклор үлгілерін жинаумен, әрі оны өндеумен айналысқан алғашқы газеттеріміздің бірі- «Дала уалаяты газеті» екендігі мәлім. XIX ғасырдың соңғы шірегінде қазақ елінің тұрмыс-жағдайын, тыныс-тіршілігін, әл-ауқатын, оның мәдениеті мен өнерін, фольклорын т.б. бүкіл жұртқа таныстырып отырған тұңғыш қазақ газеттерінің бірі- «Дала уалаяты газеті» екені белгілі.

Әрине, о баста газетті шығарушы да, бақылаушы да Дала генерал-губернаторы болғандықтын, онда белгілі мөлшерде патша үкіметінің,

жергілікті әкімдерінің тұрғылықты елге қатысты шығарған бұйрықтары басылып, әрі насихатталып отырса, екінші жағынан, елді егіншілікке, отырықшылыққа көшуге үндеу, мал тұқымын асылдандыру, сауда хабары, мектеп ісі, дәрігерлік жәрдем, қазақтың ұлттық тілі мен әдебиеті не т.б. байланысты құнды, бағалы үгіт-насихат түріндегі деректер де басылып отырғандығын есте ұстаған жөн.

Сонымен бірге газет бетінде қазақ әдебиеті тарихы мен фольклорына қатысты құнды материалдар шоғыры жарияланып, елге таратылып отырды. Газеттің бұл саладағы материалдары қазақ фольклортану ғылымына қосылған қомақты үлес болды. Белгілі фольклортанушы ғалым С.Қасқабасов сөзімен айтсақ: «Жалпы «Дала уалаяты газеті» 15 жыл ішінде, шамамен 704 рет шыққан, соның 331 нөмірінде фольклорлық материал жарияланған. Мұның ішінде қазақ халық поэзиясының үлгілерімен қатар орыс, араб, қытай, жапон, фин, армян т.б. халықтарының ертегілері, мысалдары, накыл сөздері бар» [30].

Ал, бұл мұраларды ел арасынан жиыстырып, газет беттерінде жариялаушы кімдер дегенде: бірі- жинаушы-тілші ретінде бағаланса, екіншілері- мәтінге түсіндірме беріп, сол арқылы өзінің ой-түсінігін ортаға сала отырып, жалпы қазақ фольклоры хақында пікір айтуға ниеттенген адамдар еңбегі деуге болады. Бұлар-

дың арасында арнайы білімі бар маман-этнограф, тілші-түрколог, ориенталист ғалымдар да баршылық. Мәселен, фольклорист-ғалымдар: В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, Ә.Диваевпен қатар Мәшһүр-Жүсіп жазғандары да газет беттерінде жиі басылып жүрді. Мәшһүр-Жүсіптің қазақ даласын көп аралағаны, фольклор мен әдеби мұра сөздерді көп жинағаны мәлім. Осы орайда Мәшһүр-Жүсіптің тек жинаушы ғана емес, сонымен қатар үлгілерді т.б. зерттеу, саралау және ол туралы пікір түйюді де т.б. қоса атқарғанына назар аударған жөн.

Сонымен бірге газет авторларының көздеген мақсаттары да ғылыми дайындықтары да т.б. әр түрлі екендігін ескеру керек. Жоғарыда аталған ғалымдардың көбі өзге ұлт өкілдері болғандықтан да, олардың қазақ фольклорына деген көзқарастарының басым бағыты- танымдық сипатта жүргендігін де есте ұстаған жөн. Ал, Мәшһүр-Жүсіптің белгілі фольклортанушы ғалым Ш.Уәлихановтан кейінгі өз ұлтының тұңғыш тумасы, ұлттық фольклорист-ғалымы болуы көп нәрсені аңғартады. Яғни, қазақ тілін өзге ұлт өкілдері ғалымдарына қарағанда жетік білуінің өзі ел арасынан фольклорды жиыстыру қызметін жеңілдеткені сөзсіз. Екіншіден, Мәшһүр-Жүсіп қазақтың әдет-ғұрпын, көшпенді тұрмыс-тіршілігін т.б. жетік білгендіктен де, қазақтардың біртұтас ұлт болып қалыптасуы-

на, өркениетті, мәдениетті халық ретінде есеюіне не қажет екенін басшылыққа алып отырған.

Жалпы «Дала уалаяты газетінде» жарияланған Мәшһүр-Жүсіп материалдарын үш салаға бөле отырып қарастырған жөн (газетте басылған ақын мұрасының саны -24- Н.Ж.). Оның біріншісі- өзінің төл туындылары:

«Қарға мен лашын» (1889, 7) т.б. [31]. Екіншісі- ақынның өз тұсында қоғамда болып жатқан тарихи өзгерістерге деген өзіндік көзқарастары мен ой топшылаулары: егіншіліктің пайдасы, бал арасын өсіру туралы т.б., күнделікті шаруашылыққа қатыстылары («Баянауылдан хабар», «Баянауылдан», «Тұрмыс жайында болған хабарлар», «Баянауылдан хат» т.б. тәрізді)- бәрі үлкен-кішілі 14 мақала. Үшіншісі- ел аузынан жинаған фольклор үлгілері.

Осы орайда айтарымыз: 1888-1902 жылдар аралығында шыққан «Дала уалаяты газеті» материалдары жеке өз алдына жинақталып, бертінде 4 томдық кітап болып жарыққа шықты (Құраст. Ү.Сүбханбердина) [32]. Бір өкініштісі: мұнда Мәшһүр-Жүсіптің біраз еңбектері белгілі бір себептермен кірмей қалған, тек 1996 жылы шыққан «Дала уалаяты газетіндегі» материалдардың библиографиялық көрсеткішінде (ДУГ. 5-кітап. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш . А., Ғылым, 1996) аталып

өтеді. Мәселен, көрсеткіш бойынша Мәшһүр-Жүсіптің «Түркі лұғаттары турада» атты мақаласы 1890 жылы, 23 санында жарыққа шыққан деп көрсетіледі [33]. Ал бертіңгі шыққан кітапта (ДУГ. 1989) тек соңғы 632 бетінде ғана түсініктеме ретінде 1890 жылғының 20 санында басылған-ды деп газеттің нөмірін көрсеткенде де жаңсақтық танытады (бірде №23 десе, бірде №20 делінеді-Н.Ж.). Және де соңғы жинақта (ДУГ. 1989) түсініктемесі ғана берілсе де, толық мәтіні жоқ.

Сондай-ақ жоғарыда аты аталған 4 томдық жинаққа енбей қалған Мәшһүр-Жүсіптің өз туындылары, әңгімелері, мақалалары, ел аузынан жинаған халық әдебиет үлгілері де баршылық: «Әңгімелер» (1889, 45-46) [34], «Баянауылдан хабар» (1889, 48) [35], «Тұрмыс жайында хабарлар» (1889,41) [36], «Минакиб Құлмұхамед ұста» (1889, 28) [37], «Баянауылдан» (1890, 11) [38], «Тұрмыс жайында болған хабарлар» (1890, 16) [39] «Баянауылдан хат» (1890, 17) [40], «Баянауылдан» (1980, 24) [41], «Баянауылдан» (1980, 32) [42], «Баянауылдан хабар» (1891, 9) [43], «Тұрмыс жайында болған хабарлар» (1892, 31) [44] т.б.

Мәшһүр-Жүсіптің «Баянауылдан» атты мақаласында Итемген-Мамай деген көлдердің, Олжабай сөресі, Едіге сөресі, Шөрман тамы, Тайбай көлі, Үшмырзаның көлі дейтұғын жерлердің тарихнамасы айтылады.

Мұндай жер тарихына байланысты берілген түсініктемелер белгілі орыс фольклорист-ғалымдары арасында да кездесіп отырған. Мәселен, фольклор жинаушы А.Ф.Писемский еңбегінде осы іспетті анықтамалар бар екендігін ғалым З.И.Власова [45] байқаса, ал оның, Н.Цертеловтың жинаушылығында кездесетінін Б.П.Кирдан дәлелдеген [46] т.б. Сондай-ақ белгілі фольклортанушы ғалым Г.Н.Потаниннің [47] еңбектерінде де осы тәрізді деректер бар.

Жинақтап айтсақ, Мәшһүр-Жүсіп мақалаларының біразында мал жайлайтын жерлері тарылған адамдар арасында айтыс, тартыс өршуі, ел бірлігі, тыныштығы кеткені, әр үйден алынатын алым-салықтың кімдерге қаншалық ауыртпалық келтіретіні, бал арасын өсіретін шаруашылықтың пайдалы жағы, ғылымның елге тигізер әсері, өйел адамды оқытудың мәні т.б.- бәрі де қамтылған. Бұл ақынның әлеуметтік, қоғамдық мәселелен де шұғылданғанын көрсетеді. Мұндай деректерді белгілі фольклорист Ә.Диваевтың да көптеп жинағаны белгілі. Деректер келтіре отырып үгіт айту, ел шағымын жеткізу т.б. Ә.Диваевтың да, Мәшһүр-Жүсіптің де жинаушылық қызметтерінің көкжиегін кеңейте түскені сөзсіз.

Енді Мәшһүр-Жүсіптің газет бетінде жарияланған материалдардың үшінші саласы- фольклорлық нұсқаларға тоқталайық. Оның

ішінде түрлі аңыздар, ертегілер, шешендік сөздер т.б. бар (жалпы саны 9- Н.Ж.). Мәселен, «Адам һәм оның ғұмыры» (ДУГ, 1889, 6-7), «Жақсы молда» (1890, 14), «Ғажайып бір құс заманында» (1890,18) т.т. бар.

Жарияланған бұл фольклор үлгілері негізінде Мәшһүр-Жүсіптің фольклорды-жастарға үлгі-өнеге, насихат, тәрбие беретін т.б. педагогикалық, тәлімдік ойлардың түп қазығы деп түсінгенін көреміз. Мәселен, «Тұрмыс жайында болған хабарлар» атты еңбегінің (ДУГ, 1890-9) кіріспесінде Мәшһүр-Жүсіп алдымен қазақ халқын ұйқысынан оятушы сүйікті газетке деген ілтипат, ризашылық білдірсе, соңынан қазақ жастарына үлгі-өнеге боларлық іс-әрекетімен көзге түскен Кіші жүз: Алшын-Қаражігіт би деген атақты кісінің басынан өткен бір оқиғасына көңіл бөлгізеді. Онда басты кесір- еріншектіктен, ортаншы кесір- ұйқышы болудан, кенже кесір-кедейліктен құтылу үшін, жастардың кәсіп іздеу, еңбек ету т.б. сияқты жолдарды іздестіру керектігін көрсетеді. Шығарма соңында Мәшһүр-Жүсіптің өз ойы да беріледі: «Мұны айтып тұрғаным, біз балалар, еріншек болмаңдар, «еріншектің қолы жетпейді, үлгісіз нұсқа бітпейді»,- деген сөз бар, ұйқышы болмаңдар, «ұйықтаған ұйқы алар, ұйықтамаған жылқы алар»,- деген сөз бар. Сөз көтермейтін кедей болмаңдар, «жетесі асыл арланбас, жеті

атасына дарымай» -деген сөз бар...»,-дей отырып, өз ойларын халықтың дана сөздерімен, философиясымен шебер ұштастырады.

Мәшһүр-Жүсіп «Дала уалаяты газеті» беттерінде халық әдебиеті үлгілерін жариялауға ұсынғанда, тек кездейсоқ қолға түскенін бере салмаған, соның ішінен елге пайдасы тиер деген, халықты ұйқысынан оятар деген, қоршаған ортаға ең қажетті т.б. әңгімелерді іріктей білген. Олар арқылы ақын замандастарына, кейінгі ұрпаққа айтар ойларын да жеткізіп отырған. Мәселен, «Жақсы молда» әңгімесінде (ДУГ, 1890, 14) арақ ішуді машық кылған Бағдат халифін түзу жолға түсіру үшін, бір адамның арақ шыныларын сындыруы, ел басшысын сөзден женіп, оны жаман жолдан тайдыруы т.б. бейнеленген.

Мәшһүр-Жүсіп белгілі бір рудың тарихын, оның ішінде белгілі бір атаның шежіресін, яғни тарихи мәні бар фактілерді беруді жеке алмай, оны да өз замандастарына үлгі, насихат айтуға мысал етіп пайдаланып отырған. Мәселен, «Малшы-Алтай» әңгімесінде (ДУГ, 1894, 6) өзінің ақылдылығымен, еңбекқорлығымен, тапсырған іске тиянақтылығымен, адамгершілігімен көзге түскен малшы Алтайдың қалың малсыз байдың қызын алуы, мұратына жетуі айтылды. Сонда Мәшһүр-Жүсіптің осы әңгімеге қатысты өз тұжырымы да

бар: «Міне, қараңыз халау көңілімен баққандықтан қалыңсыз қыз алып көсегесі көгерді. Ол Бәйбикеден (Байбике-Алтайдың әйелі-Н.Ж.) Мойын туды. «Мойын болмай ойын болмас» деген Мойын-сол. Аралбай, Сарманбай, Қазыке, Мұрат, Айтболды, Байболды. Баршасы- Жоғары Алтай, бөрі-Мойынның балалары.

Байбике өлген соң Піспекбай және Алтайға Аққоян деген қызын балдызын беріп, Бұл Аққояннан - Әліке, Байдалы, Сайдалы туды. Барша төменгі Алтай-Аққоян тоқалдың баласы» [48].

Міне, бұдан біз Алтайдың тарихта бар адам екенін, үрім-бұтағының бертінгі заманға шейін қалай өсіп-өнгенін көреміз. Мұны әңгіменің шындығын дәлелдейтін тарихи дерек ретінде де, әрі материалдың бізге жету себебі мен жазылып алыну паспорты есебінде қарастыруымыз керек. Сонымен қатар бұл материалдан Мәшһүр-Жүсіптің фольклорды –тарихқа, өмірге қатысы мол маңызды, пайдалы деректер көзі ретінде қарағанын да танимыз.

Мәшһүр-Жүсіп мұрасын зерттеу енді-енді қолға алына бастады. Әзірше қолда бар деректердің өзінде халықтың әдеби, рухани мұрасын өз шығармаларында керегінше пайдалануы да, ел арасынан жинаған фольклор үлгілеріне сипаттама, түсініктемелер жазуы да,- бәрі, сөз жоқ, Мәшһүр-Жүсіптің фольклористік ой-

пікірлері ауқымы кеңдігін де танытады. Мәселен, Мәшһүр-Жүсіп фольклорда жиі кездесетін жеке бір сөз айшықтарының, мақал-мәтелдердің қайдан, қалай шыққандығы туралы мағлұматтарды мол береді. «Жиренше мен хан» әңгімесінде [49] «бір жасыңыз мың болсын» деген бата айтылады да, оның мәнісі де түсіндіріледі. Яғни адам өлсе де, артында қалған жақсы аты, ісі өлмейді дегенге әкеледі. Мұндай ой келесі «Қазақтың бұрынғыдан қалған сөздері» атты әңгімесінде [50] жалғасын табады.

Онда Абылай ханның «не өлмейді» деген сұрау салуы, оны қарапайым адам шешуі, яғни, «өлмегенде не өлмейді, жақсының аты өлмейді, молданың хаты өлмейді»-дегені келтіріледі.

Мәшһүр-Жүсіп жинаған «Адам һәм оның ғұмыры» атты ертегіде (ДУГ, 1889,6,7) адамның Құдай тағаладан отыз жыл ғұмыр алғаны, онысына қоса есектің де, иттің де, маймылдың да бейнет, азапты, ауырсынып қаламаған ғұмыр жастарын сұрап, өзіне қосқаны баяндалады. Сол өтінішпен алған ғұмырларға лайықты адамның да мінез-кұлқы, іс-әрекеті т.б. өзгеріске түсіп отыратындығы түсіндіріледі [51].

Мәшһүр-Жүсіптің қай әңгімені кімнен, қандай жағдайда жазып алғаны туралы дерек беруі-материалдың фольклортану ғылымы

үшін ғана емес, тарихқа катысты мәнін де негіздейді.

Жалпы фольклористика ғылымында нағыз ысылған маман фольклористердің жиналған шығармаларды толық сюжетін хатқа түсірумен ғана шектелмей, сондай-ақ халық әдебиеті үлгілерін орындаушылардың да қоршаған ортасын, халық түсінігін, ойларын т.б. бірге беруге тырысқаны белгілі. Демек, ақын жинаған әңгімелер арасында белгілі хандар, билер т.б. өміріне қатысты тарихи мәліметтердің мол болуы, оның жинаушылық өрісінің ауқымдылығын танытатыны анық.

Мәселен, Мәшһүр-Жүсіп жинаған енді бір «Біздің қазақ халқының...» деп басталатын әңгімесінде (ДУГ, 1890, 46) Едіге бидің баласы Шоң бидің Тұрсын хан деген төрені хан көтергені, үш жылдан соң ханның өлгені, оның жаназасында Шоңның үш күн жылағаны, жылау себебі жүрттың құты шайқала ма деп қауіптенуден туғандығы баяндалады. Әңгіме соңында Мәшһүр-Жүсіп: «Айтқандай-ақ мұның артынан Шоң бидің өзі өліп, Кенесары заманы болып, жүрт бір олай, бір бұлай құбылып, Қуандық, Сүйіндіктегі Азнабай, Сапақ дейтұғын бас-басына жеті мыңнан жылқы біткен байлардың бәрі малдан айырылып, балапан басына, тұрымтай тұсына заман болыпты» [52], - дей отырып, халықтың тыныштығы, берекелілігі, тұрмыс

жағдайының жақсаруы т.б.- бәрі ел билеуші ұлықтарға байланысты екендігіне назар аудартады.

Негізінен, «Дала уалаяты газетінде» жариялаған мәтіндер фольклордың барлық жанрларын (ертегі, аңыз әңгімелер, тұрмыс-салт жырлары, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, айтыс, эпостық жырлардан үзінділер т.б.) қамтиды. Көбінесе, фольклордың ертегі мен аңыз-әңгіме жанрлары (әрқайсысы 100 шақты) көптеп басылған. Сондай-ақ фольклор жарияланымдарына қатысты 20 шақты мақалалар да кездеседі. Демек, ХХ ғасыр басындағы басқа да басылымдар тәрізді «Дала уалаяты газеті» беттерінде де саяси-экономикалық, қоғамдық-әлеуметтік мәселелермен қатар т.б. түрлі фольклор үлгілері де жарық көргені анық. Онда фольклор: бірде танымдық сипатта орын алса; бірде біртұтас ұлт болып қалыптасу үшін қажеттілік тұрғысынан; бірде шаруашылық мәселелерін (егін егу, бал арасын өсіру т.б.) дәріптеуде; бірде ғылымның пайдасы; бірде әйел теңдігі мәселесі; бірде жастарға үлгі-өнеге, насихат, тәрбие көзі ретінде; бірде адам бойындағы жат, теріс іс-әрекеттерін сынау үшін; бірде жер-су атауларының тарихнама көзі т.б. ретінде алынғаны белгілі.

Қазақ басылымдары арасында ХХ ғасыр басында, сондай-ақ «Серке» (1907), «Қазақ газеті» (1907), «Қазақстан» (1911) т.б. газеттері

жарыққа шыққаны белгілі [53]. Бірде полиция тарапынан қысым көру, бірде газет ұжымы ішіндегі кикілжің әсері тәрізді т.б. түрлі жағдайларға байланысты «Серке» мен «Қазақ газетінің» 1-2 саны ғана шығып тоқтап қалса, ал «Қазақстан» газетінің бар-жоғы (2 тілде) 14-15 саны шығып үлгергені мәлім. Газет беттерінде ғылым пайдасы, кәсіп ету, өнер-білімді дөріптеу, орыс мәдениетінен үйрену, адамның теріс мінездерін сынау т.б. тәрізд біраз мәнді мәселелер көтерілгенімен, бір өкініштісі қазақ фольклорына қатысты мақалалар берілмеген. Шамасы басып үлгермесе керек. Сонымен қатар «Сарыарқа» (1917), «Бірлік туы» (1917) т.б. газеттер де басылым көрген халық мұралары үлгілері кездеспеуімен де ерекшелінеді [54]. Көбінесе мұнда қазақтың белгілі ақын-жазушылары, әдебиеттанушы-ғалымдары Ә.Бөкейханов, М. Дулатов, Х.Ғаббасов, С.Торайғыров, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, С.Дөнентаев, Б.Майлиннің т.б. өлеңдері, әңгімелері, мақалалары т.б. басылғаны белгілі [55].

Ал, «Алаш» (1916) газетіне келетін болсақ, оның Ташкент қала-

сында аптасына бір рет шығып тұрғаны, отырықшылық пен ағарту мәселелерін т.б. көтергені, сот ісін жөндеу, әйел тақырыбымен қатар, фольклор ішінен мақал, жұмбақ, ертегі нұсқаларын да жариялағаны анық. Мәселен, онда Баржаксин Ахметтің «3000000 (үш миллион) күн» атты мақаласы берілген [56]. Мақалада қазақ елінің жер көлемі беріледі де, сонынан әйел тақырыбына қатысты мақал-мәтелдер шоғыры келтірілген. Ал, келесі мақалада Жәдігер Жәністің жұмбақпен жазылған өлеңі бар [57].

Сондай-ақ Н.Құлжанова [58] мен Л.Н. Толстой атынан берілген (аударма) [59] ертегілер де кездеседі. Мұның бәрі ХІХ ғасырдың соңы мен 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін шығып тұрған қазақ газеттері беттерінде шаруашылық, мәдениеттің басқа да салаларымен қатар фольклор үлгілеріне назар аударылып отырғанын дәлелдейді. Соның нәтижесінде отаршыл ел басқарушыларының түрлі ашық та жабық қысымдарына қарамастан, фольклор жинау, фольклортану саласында аз да болса ілгерлеу орын алғанын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ыбыраев Ш XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклористикасы. // Қазақ фольклористикасының тарихы. А., Ф., 1988, 16-46 б.; Қасқабасов С.А. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ фольклористикасы. // Сонда, 91-147 б.
2. Батырлар (Құраст. Ә.Диваев) Ташкент, 1922; Батырлар жыры (Құраст. С.Сейфуллин) А., 1933; Батырлар (Құраст. С.Мұқанов) А., 1939 т.б.
3. Чичерова В. К.Маркс и Ф.Энгельс о фольклоре. // Советский фольклор, №4-5, 1936, 369-379 б.; Ленин В.И. Статья о лига-туре // Сборник статей и отрывков из произведений В.И.Ленина и воспоминаний о нем. М., 1942.
4. Сталин И.В. Таңд., 7 т. М., 1947, 138 б.
5. Лафарг П. Очерки по истории культуры. М.-Л., 1928, 56 б.
6. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Қызылорда-Ташкент, 1926; Досмұхамедов Х. Аламан, Ташкент, 1926; Бөкейханов Ә. Шығар. А., 1994; Әуезов М. Әдебиет тарихы. Қызылорда-Ташкент, 1927; Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. 1-кітап, Қызылорда, 1932; Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Қызылорда, 1932, 1-бөлім.
7. Алекторов Е.А. Указатель книг, журнальных, газетных статей и заметок. Казан, 1900; Бартольд В. История тюрко-монгольских народов. Л., 1928; Бичурин Н.Я. Собрания сведений о народах, обитавших в Средней Азии и древние времена. М.-Л., 1950. Т.1; Мелиоранский П.М. Сказание текст рукописи Едиге (Киргизский текст рукописи, принадлежавший Ч.Ч.Валиханову. СПб, 1905; Васильев А.В. Образцы киргизской народной словесности. Оренбург, 1900; Веселовский А.Н. Историческая поэтика. Л., 1940; Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Ташкент, 1901. Т.1.
8. Алекторов Е.А. Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок. Казан, 1900.
9. Смирнова Н.С. О роли РГО в развитии казахской фольклористики. // Вопросы казахской филологии, 1964.
10. Садекова А.Х. Идеология ислама и татарское народное творчество. Казан, 2000.
11. Потанин Г.Н. Қазақтардың арасындағы әр түрлі ойлап шығарылған өлең, қысса, ертегілерінің, әдет заңдарының керекті болғаны турасында. // Д.У.Г., 1894, №29,30,31.
12. Субханбердина Ү. Қазақ халқының атамұралары: Мазмұналған библиографиялық көрсеткіш. А., 1999, 21-28 б.
13. Сонда, 21-22 б.
14. ТУГ, 1871, №3, 19 март; ТУГ. 1875, №6, 12 март; ТУГ. 1876, №25, 28 сентябрь.
15. Араб жұртының бір мың бір түн деп деп аталатын ертегісі. // ТУГ. 1872, №22, 16 декабрь т.б.; Кашмаровтың ертегісі. // ТУГ. 1873, №14, 9 август; Қызылбас жұртының патшасы өзінің бір уәзірін мылтыққа атқызып өлтіргені тақырыпты. / / ТУГ. 1874, № 4,5, март; Бұрынғы уақыттағы Қызылбас жұртының барымташыларының өткірлігі тақырыпты. // ТУГ. 1875, №3, 31 январь, Бір қатынның жақсы тауып берген жауабы тақырыпты. // ТУГ. 1875, № 4, 12 февраль; Бір сағаттың ішінде адамның бақыты өзгеріп, заман екінші түрлі болған тақырыпты. // ТУГ. 1875, №1, 13 январь; Ну шеруан деген патшаның әлділігі турасында. // ТУГ. 1875, №1, 13 январь.
16. Ташкент қаласында газет алатын бір кісінің қазақша жазып берген жұмбақтары мен мақалалары осы. // ТУГ. 1875, №6, 12 март; Ташкент қаласында қызмет қылып тұрушы Қожа Салық Бабажанов басып шығаруға кіші жүздің Бөкей ордасында жүріп жиған қазақтың мақал сөздерін берді. // ТУГ. 1876, №28-

33; Біз былтыр газетімізде Бабажановтың біздің газетке басуға берген мақал сөздерін... // ТУГ. 1877, №10, 7 апрель.

17. Байсалбай. Семей қаласынан. // ТУГ. 1876, №24 16 сентябрь; Қазақ хусусында Қарқаралыдан жазылып келген сөз. // ТУГ. 1876, №16, 17 июнь; Мұнан бұрын газетімізде дүние жүзіндегі жердің үлкендігін және жердің өзі қандай екенін жазып едік, енді ай тақырыпты біраз сөз жазамыз. // ТУГ. 1876, №13, 20 май; Өткен жылы газетімізде жер домалақ екенін және аспан қандай екенін жазып едік... // ТУГ. 1876, №14, 31 май; «Сибирь» деген газетада жазып Сингенетин орында Еленский деген қышпақтан 46 шақырым жерде ескі құдықтан қазына тауыш алышты деп. // ТУГ. 1876, №9, 8 апрель.

18. Досамбай. Құрама оязының Досамбай деген ақынның жазып берген өлеңі осы. // ТУГ. 1878, №12, 9 октябрь; [Мәделі қожа] Бір өлеңші адам елде үлкен жиналыс болғанда бір болыс сайлағанда өлең шығарған екен. // ТУГ. 1878, №3, 8 февраль; Әшһияз ақын мен Меңеш қыздың айтысы. // ТУГ. 1878, №11, 12 сентябрь.

19. ТУГ. 1871, №3, 19 март

20. ТУГ. 1875, №6, 12 март

21. ТУГ. 1872, №27, 16 декабрь

22. ТУГ. 1873, №14, 9 август

23. ТУГ. 1874, №4,5, 5 март

24. ТУГ. 1875, №3, 31 январь

25. ТУГ. 1876, № 28-33

26. ТУГ. 1876, №24, 16 сентябрь

27. ТУГ. 1876, №16, 17 июнь

28. ТУГ. 1876, №13, 20 май

29. ТУГ. 1876, №14, 31 май

30. Қасқабасов С.А. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ фольклористикасы. // Қазақ фольклористикасының тарихы. А: Ғылым, 1988, 118б.

31. Дала уалаяты газеті. А., Ғылым, 1989, 142 б.

32. Сонда- 4 том, А., Ғылым, 1989, 1990, 1992, 1994.

33. Дала уалаяты газеті. 5- кітап, Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. А., Ғылым, 1996, 83 б.

34. Сонда, 68 б.

35. Сонда, 68 б.

36. Сонда, 69 б.

37. Сонда, 83 б.

38. Сонда, 83 б.

39. Сонда, 83 б.

40. Сонда, 83 б.

41. Сонда, 83 б.

42. Сонда, 98 б.

43. Сонда, 107 б.

44. ДУГ. А: Ғылым, 1994, 110-117 б.

45. Власова З.И., А.Ф. Писемский. //

Русская литература и фольклор / 1-я половина XIX в. Л., Наука, 1976, 404 б.

46. Кирдан Б.П. Собиратели народной поэзии. М., Наука, 1974, 37 б.

47. Казахский фольклор в собрании Г.Н.Потанина. А., Наука, 1972, 14-15 б.

48. ДУГ. 1989, 502 б.

49. Сонда, 468 б.

50. Сонда, 476-478 б.

51. Сонда, 138-140 б.

52. ДУГ. 1994, 170 б.

53. Сүбханбердина Ү. Қазақ халқының атамұралары: Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. А., 1999, 47-50 б.

54. Сонда, 58-59; Қазақ, Алаш, Сарыарқа (Құраст. Ү.Сүбханбердина), А., Ғылым, 1993. 55. Сонда, 56-58 б.

56. Алаш. 1917. №17, 13 апрель

57. Алаш. 1917. №22, 25 май

58. Алаш. 1917. №14, 9 март

59. Алаш. 1917. №13, 4 март